

А 2010
21671к

Гас толкун

Бейбіт САРЫБАЙ



Раушан ерте гүлдейді

**Бейбіт
САРЫБАЙ**

Рауғаш ерте гүлдейді



**Алматы
“Жалын баспасы”
2009**

УДК 821.512.122~32
ББК 84 (5Қаз) 7-4
С-22

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрілігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр


С-22 Сарыбай Бейбіт.
Рауған ерте гүлдейді: Проза./Бейбіт Сарыбай.
Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС, 2009. — 160 б.

ISBN 9965-693-88-9

Әдебиет әлеміне өзінің сырлы да нәзік лирикасымен келген жас жазушы Бейбіт Сарыбайдың бұл жинағына соңғы кездерде баспасөз беттерінде жарияланып, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленген бір топ әңгімелері енгізілді.

С 4702250201 2009
408 (05)–09

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) 7-4



ISBN 9965-693-88-9

© Бейбіт Сарыбай., 2009
© “Жалын баспасы” ЖШС, 2009

ПОЭЗИЯДА — СЫРШЫЛ, ПРОЗАДА — ШЫНШЫЛ

Әдебиетке өркез жанашыр болып жүретін, әрі жақсы шығарманы жазбай тани білетін менің бір ақниет қарындасым биылғы жылдың басында маған: “Мыналарды оқып көріңізші” деп, жұқалау келген бірнеше кітап пен компьютерде терілген он шақты қолжазбаны алдыма қойған. Бұлардың бәрі де жастардың жазғандары екені әрқайсысының маңдайшасындағы аты-жөндерден-ақ көрініп тұр еді. Ақтарып отырып байқағаным: ақыны да, прозашысы да — көбі мен үшін бейтаныс есімдер. Және, ұзын саны жиырмадан асады. Жиырмадан! Қуаныш қой! Соңғы уақытта баспасөз беттерінен жаңа есімдерді жиі көріп жүрсем де, бір күні олар алдымнан дәл мынадай лекпен, топ-тобымен шыға келеді деп тіпті де ойлаған жоқ едім. Бұдан біраз уақыт бұрынғы аумалы-төкпелі, қысылшаң кезеңде, жастар былай тұрсын, қабырғалы қаламгерлердің де аяқтарына қан түскендей күй кешіп, әдебиетіміз он-он бес жылдай тоқырауды бастан кешіріп еді, енді міне сол рухани өрісіміз қайтадан көктеп, көгеріп, байтерегімен қоса балапаны да тамырын жан-жаққа жайғандай екен. Иә, әдебиетіміз үшін бұдан артық қандай қуаныш болуы мүмкін!

Мен алдымдағы дүниелерді бір-бірлеп ынтыға оқуға кірістім. Оқыған сайын... поэзиясы бар, прозасы бар — небір балауса туындылар бірінен соң бірі “мені оқы” дегендей алға жетелей берген. Сөйтіп бірер күнде бәрін оқып біткенде, менің көзім бір нәрсеге жеткендей болған: ең алдымен, кешегі 80-жылдардың аяғынан бастап баяғы қылышынан қан тамған кеңестік төртіптің, идеологияның, жүйенің жаңа да жарқын жолға түсуі, осы жолда

халықтың жаппай оянуы, ертеректе жабылып қалған қазақ балабақшалары мен мектептердің қайтадан көптеп ашылуы, бұқаралық ақпарат құралдарында ұлтқа қатысты барлық мәселенің жан-жақты қозғалуы, сырттағы қандас-тарымыздың тарихи отанына мың-мыңдап оралуы — бәрі-бәрі де арада 15-20 жыл өткенде өз жемісін бере бастаған екен. Туған әдебиетімізге туған тілімен, ұлттың ұлы рухымен ентелей басып, екпіндей кірген жастардың мына тобы — сол жемістің көзбен көріп, қолмен ұстар тірі көрінісі емес пе!

Мен бұлардың әрқайсысының алғашқы қадамы жөнінде жеке-жеке пікір айтуды да артық көрмес едім, бірақ бұл жолы ақын, прозашы Бейбіт Сарыбайға ғана арнайы тоқталуды жөн көріп отырмын. Өйткені... Біріншіден, Бейбіт әдебиетке тым балауса кезінде келген екен. Иә, “келген” дегенді мен батыл айтуға сескенбеймін. Оның бұдан он жыл бұрынғы тырнақалды туындыларының өзі-ақ қай жағынан да көркем шығарма деуге тұрарлық, тас бұлақтың суындай таза дүниелер екенін байқатады. Екіншіден, ол поэзия мен прозаны қатар алып жүрген және осы екі жанрда жазғандарының бәрінде де өзінің шын талант екенін таныта білген жігіт дер едім.

Бейбіттің “Айна” атты тұңғыш кітабы 2003-жылы жарық көрген. Оған қырық шақты өлең, кітап атас бір поэма, екі өңгіме кірген. Әр шығармаларының соңына қай жылы жазылғаны көрсетіліпті. Мен соларға қарап отырып кешегі қайран Төлеген, Кеңшілік, Еркіндерді (Ібитанов) еске түсіргенмін. Олар да дәл осындай 17-18 жастарында жалындап жанып, жарқырап көрінген ғой. Қараңызшы, Бейбіт те мына бір өлеңін небәрі он жеті-ақ жасында жазыпты.

Сұр күздің күні
Сұрланып тұрды тұнжырап.
Шешесі үйде,
Әкесі сыртта тұр жылап...
Шетінеп кеткен жеті айлық қызды
Жерлеп кеп,
Отырды бәрі
Үн-түнсіз өксіп қалжырап.

“Қызылдан” дейді
Қып-қызыл гүлдің ажалы,
Атасы отыр келінге қарап назалы.
несі қарап бос қалған анау бесікке,
Қуарып кетті алқызыл алма ажары.

Япырау, естіп егіліп-төгіліп, елжіреп-сөгіліп, бойындағы барын барынша сарқа төгіп менің баяғы Кеңшілік ағам ғана жазушы еді ғой. Сол ағамның дауысын ғайыптан қайта естігендеймін бе, қалай! Кітаптың алғашқы бетіндегі алғашқы өлең (“Құлпытас”) осылай басталады. Теңіздің дәмі — тамшыдан, мықты болсаң, оқымай көр. Оқыдық! Тұтастай. Өлеңдері мен поэмасын. Ал не түйдік? Бейбіт өлеңді жазбайды екен, өлең-жыр Бейбітке таудан аққан мөлдір бұлақтай құлдырай құйылып, сылдырай төгіліп отырады екен. Сезімнің мөлдірдігі де сол бұлақтай таптаза, түп-тұнық екен. Өз орнына сырт-сырт түсіп, зорлықсыз қиюласып, табиғи жымдасып жатқан ұйқастар... Оңтайын тауып, оймен бірге орайласа кеткен образдар... Жалаң айтқыштыққа берілмей, жалған пәлсапаға бой ұрмай, жылтырақсыз айтылған ой... Бәрі-бәрі де Бейбіт поэзиясының шырайын кіргізгендей. Ұлы Жүсіпбек “Мағжанның ақындығы туралы” деген еңбегінде: “Мағжан — терең ойдың емес, нәзік сезімнің ақыны” десе, бұны Бейбітке де айтуға болатындай. Рас, Бейбіт те қай жанрда қандай шығарма жазбасын, алдымен өзінің сезімнің сыршысы, махаббатың жыршысы екенін танытатыны анық. Бұны, әсіресе, оның “Айна” поэмасынан байқар едік. Шындығын айту керек, ой, идея, тұжырым, тұспал жағынан бұл көлемді шығарманың көтеріп тұрған жүгі шамалы, алайда оның көркемдік орындалысына пәлендей сын айту қиын. Кітаптың алғашқы беттеріндегі “Құлпытас” өлеңі қалай татаусыз төгілген тілмен, сәл ғана мұң араласқан сыршылдықпен, титтей де боямасыз шыншылдықпен жазылса, “Айна” да дәл сондай майда ырғақпен, бір демде, шебер жазылған дейміз. Көркем шығармаға қойылар бірінші талап — көркемдік болса, біз Бейбіт поэзиясынан да терең ой, үлкен идеядан бұрын осы көркемдікті көбірек көргендей боламыз. Ал прозада?

Прозада да ол миға салмақ салудан көрі жүрек перненді қытықтай басуға күштар ма дейсің. Мәселен, қолыңыздағы кітапқа кірген (“Айнаға” да кірген) “Естелік” деген өңгімені оқып көріңіз. Оқиғасының баржоғы мынау ғана: кәмелеттік жасқа енді ғана иек арта бастаған Болат деген бала өзінің сыныптасы — Гүлжанат атты қызды жақсы көріп қалады. Қыз да оған “кетөрі” емес. Бірде сол қыздың әке-шешесі ауылдағы әлдебір тойға кетіп бара жатқанын көріп, “жігітіміз” кештетіп Гүлжанаттың үйіне келеді ғой. Бірақ қыз іштей қарсы болмаса да оны не үйге кіргізбейді, не кездесуге шықпайды. Былай қарасаң, бұл өңгімені қойып, шағын этюдқа арқау болатын нәрсе емес. Ал енді осының көркемдік жағына назар аударып көріңіз. Қыздың үйінің жанына келгендегі “жігіттің” жайы мынау. “Үрей. Бойымды түрлі-түрлі сезімдер билеп ала жөнелді. “Сүйем сені, жаным-ау” деген өннің әуенімен сызылта ысқырдым. Бұл біздің достықтың ысқырығы. Әр мемлекеттің әнұраны болатыны сияқты бізде де әр достықтың өзіндік ысқырығы болатын”. Әдемі ме? Әдемі! Еріксіз езу тартқызар юмор қандай! Бұдан әрі: “Есігін ашып: — Бұл кім? — деді. Танып тұрып. (!). Сонда да сұрайды. Өдеті ғой.

— Мен, — дедім.

— Менің кім? — дейді.

— Болат, — дедім.

— Не қылды? — дейді.

— Жәй, өзім саған келгем. Бері келші, — дедім.

— Ой, қойшы. Ұялам! — деді де есігін жауып алды”.

Төрт-бес-ақ сөйлемнен тұратын шағын диалог. Дәлірегінде, он үш-он төрт жасар қыз бен сол шамадағы ұлдың бірер ауыз сөзбен қарапайым ғана тілдесуі. Бірақ әсері өзгеше. Оқыған сәтте тұла бойыңнан бір жып-жылы қан жүгіріп өткендей болады. Әлдебір нәзік те, төтті сезімге бөленесің. Кейіпкерлердің түр-түсі, қимыл-қозғалысы суреттеліп жатқан жоқ, алайда оларды көзбен көріп, көңіл-күй құбылыстарын жаныңмен сезгендей күй кешесің. Ұяң дауыс. Қымсына басқан қимыл. Жүректердің лүпілдей соққан дүрсілі. Қыз оны танып тұрып, “бұл кім?” дейді. Нағыз ауыл қызына, қазақ қызына тән мінез. Қылдан жіңішке қылық. Мөтін

астарынан белгісіз бір сағыныш пен өкініш қатар сезіледі. Ол автормен қоса сіздің де сағынышыңыз болуы мүмкін. Балалық шаққа, баяғы мөп-мөлдiр таза күндерге деген сағыныш!

Әңгіме “Естелік” деп аталады. Ол қандай естелік? Не естелік? Қарасақ, мынау екен. “Кейінірек көптеген суреттерге түстік. Альбомдарға естелік жазып қалдырдық. Заттай сыйлықтар да сыйластық. Соның қазір бірі болса, бірі жоқ. Барларының өзі бөлендей бағалы емес. Бөрінен де бағалысы сол, Гүлжанаттың: “Ой, қойшы, ұялам” деп есікті тарс жауып алған елесі. Сол елес менің жанымға мәңгілікке жатталды. Менің сол кездерден алған естелігім сол ғана”.

Бұл үзіндіні талдап жатудың өзі артық. Балалықты бастан кешпеген адам жоқ болса, әркімнің де жадында мәңгі ескіrmес, оңбас-тозбас осындай бір қымбат естеліктердің жатқаны рас қой.

Осы кітаптағы “Рауғаш ерте гүлдейді”, “Қарағаш”, “Бейкүнө күнаһарлар” сынды әңгімелерден де жоғарыдағыдай жеңіл ырғақ, жылы шуақ көреміз. Олардың қай-қайсысында да жаңа есейе бастаған жасөспірімдердің махаббат өлкесіндегі алғашқы сезім бұлқыныстары, сол жолдағы күлкілі де шынайы, албырт та алаңғасар ісқылықтары әдемі кестеленген. Кейіпкерлердің сөзінен (диалогпен) иненің жасуындай жасандылық байқалмайды. Мысалы, мына бір көріністерге көз жүгіртіп көріңізші.

“Үйге жүгіріп кіріп, самауырдағы шайдан қалған жылы суды құйып ала салып, басымды жуып жатқам. Шешем таңқалып:

— Мынаны жын қаққан ба? — деп қояды.

— Жын қаққан жоқ. Бүгін ауылда кімнің тойы? — деп сұрадым.

— Қағыңғыр шешек, онда нең бар? Нұрлан сенің кімің еді? — деді (“Естелік”).

Немесе:

“Бір кезде Сүйрік менің көзіме көзін қадап тұрып:

— Түнде мен сені түсімде көрдім, — деді.

— Не істеп жүр екенбіз?

— Айтпаймын, оны қайтесің.

— Жәрайды. Айтпасаң айтпай-ақ қой. Тек сол түсінде көргеніңді өңімізде қайталайық, — дедім. Сүйірік күліп жіберді де:

— О-о-о,.. қуын қара... — деді. (“Бейкүнә кұнаһарлар”).

Осы жерде қандай жасандылық көресіз? Ешқандай, Риясыз жайға езу тартасыз да қоясыз.

Езу тарту дегенде еске түседі, Бейбіт прозасының тағы бір қыры — жеңіл де жарысымды юморынан көрінеді. Ол әлдебіреулердей сөз-сөйлемдердің басын әдейі иіп, оқиға, детальдарды қолдан құрап, бейәдеп күлдіруге тыраштанбайды, оның күлкісі сюжет ыңғайында өзінен өзі табиғи туып отырады.

“Рауғаш ерте гүлдейді” әңгімесіндегі бір оқиға мынау. Қала ішінде жүретін автобустың іші — ығы-жығы... Бір-біріне қысылыса жабысқан адамдар. “Бір кезде менің қолымды бір кішкентай қолдың қыса ұстағанын сездім. Қасымда тоғыз-ондар шамасындағы екі кішкентай қыз тұрған, солардың бірінің қолы екен. Сақтық жасап тұрған шығар деп үндемей тура бердім. Сөйтсем, ол қыз менің қолымды қасындағы қыздың қолы екен деп шатастырып ұстап тұр екен. Бір кезде қолдың үлкен екенін сезді-ау деймін, алақанын ары-бері жылжытып ұстап көрді де, айналасына қарады. Мен оның сөби жүзіне қарап күлдім”. Сөбилік аңқаулық пен ағалық болмашы қулыққа біз де күлеміз.

Тағы бір мысал: “Бейкүнә кұнаһарлардан”. “Бір күні біздің ауылға аудан орталығынан Сүйірік есімді қыз келді. Ол да көрші қыздарға қосылып суға түсуге барып жүрді. Және неге екенін қайдам, сол қыз басқаларды менсінбей жүріп, маған көңілі түсті. Мүмкін жүзім жылы болған шығар. Өлде ешкімде жоқ “адидасыма” қызықты ма екен? Өйтеуір сол қыз маған жақын жүрді. Ол келгелі бері Дарын да маған тиісуін қойып, тынышталып қалған. Бұзық болып көрінгісі келмесе керек. Біз шомылатын өзен ауылдан қашықтау еді. Сол өзенге барғанша, және қайтар жолда мен Сүйірікті құшақтап жүрдім. Құшақтағанда салмақ салмай оң қолымды оның иығына тастап қоямын. Басқа қызықтың дәмін тата қоймаған мен үшін соның өзі үлкен ләззат еді. Дарын, шіркін, соны да қызғанып, жаң таппайды-

ау. Бір қызық жері суға түсіп болғаннан кейін Сүйрік маған калготкімді сығысып жіберші дейтін. Екеуіміз тоғайдың ішіне кіріп, тасалау жерге барып, соның калготкісін сығатынбыз. Күн сайын сығысып жүрдім. Енді оның ыңғайсыздау екенін білемін. Адамның намысына келетін ұяттау тірлік екенін балаң көңіл сезбейді емес, сезеді. Дей тұрғанмен өзгелердің ішінен сені таңдап алып, өзін құшақтатып жүрген қыздың айтқанын қалай орындамассың. Оның үстіне шынымды айтсам калготкі сығысу өзіме де іштей ұнайтын сияқты”.


Өп-әдемі, жып-жылы күлкі дегеніміз осы емес пе?

Қысқасы, жиырма жасында өзінің “Айна” атты кітабымен тамаша ақын ретінде танылған Бейбіт Сарыбай енді мына кітабымен қазақ әдебиетіне тағы бір талантты прозашының келгенін айғақтайды деп білем!

Қадамыңа гүл бітсін, қаламдас інім!

Дидахмет ӘШІМХАНҰЛЫ

РАУҒАШ ЕРТЕ ГҮЛДЕЙДІ



ниверситет алдындағы аялдамада адам қарасы көп екен. Жарты сағаттан астам уақыттан кейін Құдайға қараған көліктің біреуі тоқтады-ау әйтеуір. Сол жиырма адамдық шағын автобусқа қырық тоғызыншы болып мен де кіріп үлгердім.

Елдің өзі бір аяғын қоярға жер таппай тұрса, бір кесір жолдас “отыратын орын жоқ екен, иә” деп өзінше өкініш білдірді. Оның сөзіне мырс еттік те қойдық.

Бір кезде менің қолымды бір кішкентай қолдың қыса ұстағанын сездім. Қасымда тоғыз, ондар шамасындағы екі кішкентай қыз тұрған, солардың бірінің қолы екен. Сақтық жасап тұрған шығар деп үндемей тұра бердім. Сөйтсем, ол қыз менің қолымды қасындағы қыздың қолы екен деп шатастырып ұстап тұр екен. Бір кезде қолдың үлкен екенін сезді-ау деймін, алақанын ары-бері жылжытып ұстап көрді де айналасына қарады. Мен оның сәби жүзіне қарап күлдім. Қол менікі дегенім шығар. Ал ол болса бетіме үнсіз таңырқай қарап тұрып, бір кезде күліп жіберді.

— Бәсе, мынаның қолы қалайша үлкейіп кеткен деп таңданып тұрсам, сіздің қолыңыз екен ғой, — деп қасындағы қызды нұсқады. Содан кейін екеуара өңгімеміз жанданып сала берді дейсің. Жол бойына іш пыстырмайтын серік табылғанына іштей қуанып та тұрмын. Үстіме іліп алған жұпыны киімімнен қай топтағы адам екенімді аңғарса керек:

— Қаншасыншы курста оқисыз? — деді. Мен қалжыңға сүйеп:

— Қаншасыншы курсың не, айнама-ау, мен мұғаліммін, — дедім. Ол сенген жоқ. Сенбегені былай тұрсын:

— Ал керек болса, мұғаліммін деп қояды. Үстіне

киіп алған киімді қарап қойсапшы, — деп келеке қып күлді. Мен болсам “ұялған тек тұрмастың” керіне салып:

— Иә рас, мұғаліммін, — дедім.

— Қай сабақтан бересіз?

— Тарих және география пәндерінен.

Менің шынымен мұғалім екеніме деген күдігі сейілмесе керек, сынап білгісі келді.

— Охо, сіз география пәнінің мұғалімі болсаңыз мынаны білуіңіз керек. Ніл өзенінің ұзындығы қанша? Осы сұраққа жауап бере алсаңыз сенейін, — деді.

Өлген жерім осы екен дедім. Шынымды айтсам, білмейтін едім сол өзеннің ұзындығының қанша екендігін. Мектеп программасында оқуын оқыдық қой, бірақ ұмытып қалған екенмін. Сұрап алған ауруға дауа жоқ, енді неде болса жауап беру керек. Оның үстіне автобус ішіндегі іші пысып келе жатқан жұрттың бәрінің назары әлдеқашан бізге ауған. Аузыма қайдан түскенін білмеймін:

— Алты мың шақырым, — дедім. Қу қыз сықылықтап бір күліп алды да:

— Әй, мұғалім ағам-ай, неге өтірік айтасыз. Тапшадыңыз. Білмесеңіз мен айтайын — бұдан былай жадыңызда сақтаңыз. Өлемдегі ең ұзын өзен осы Ніл өзені. Бұл өзеннің ұзындығы бес мың төрт жүз шақырым, — деді. Мен құтылып кетпек болып:

— Сен оқығанда сондай болған шығар. Өзендер бір қалыпта тұра бермейді. Жиі-жиі ұзарып, не болмаса қысқарып тұрады. Сен оқығанда бес жарым мың шақырым болса, одан бері ұзарып, алты мың шақырым болған шығар, — дедім. Тәтті қыз бұл жолы да оңай құтылдыра салған жоқ. Одан әрмен келеке қылып:

— Әй, аға-ай, сіз де қатырады екенсіз. Сіз тұрмақ сіздің өкеңіз оқығанда да осылай болған. Және сіздің немереңіз де осылай деп оқитын болады. Мені неге алдайсыз. Білмесеңіз “білмеймін” деп айтпайсыз ба? Мен сізге екілік баға қойғалы отырған мұғалім емеспін ғой. Шынымды айтсам, сіз мұғалім емес талантсыз актер сияқтысыз.

Содан аз-кем уақыт үнсіз тұрды да қайта бастады.

— Сіз жаңа география мен қоса тарих пәнінен де сабақ беремін дедіңіз, иә? Онда айтыңызшы, Ежелгі

Египетте ел билеушіні не деп айтады? Мысалға бізде Президент дейді, — деп бастады да ұзақ сонар мәліметтерді алдыма жайды дейсің келіп. Қай мемлекетте қалай айтатынын айтып шықты. Ал енді айтыңыз деді. Сәл ойланып алу үшін қулыққа көшіп, “сұрағынды түсінбей қалдым, қайталашы?” — дедім. Ол болса тақылдап тұрып:

— Египетте ел билеушіні не деп айтады? — деді. Білетін-ақ сияқты едім, есіме түсіре алсамшы. Жұрт назары жеп барады. Білмей қалсам ұят болады. Өзіме де обал жоқ, бағана география пәнін ғана айтсам ғой, бұл сұрақты қоймас еді. Бір пәнді азсынғандай екінші пәнді айтып нем бар еді. Енді азабын тартып жатырмын.

— Білетін едім. Тек жұмыстан шаршап шыққандікі ме, есіме түсіре алмай тұрмын. Басқы өрпін айтшы, — дедім.

— П...

— Так, так, так... Тілімнің ұшында тұр. Соңғы өрпін де айтшы.

— Н... Болды өзіңізді-өзіңіз қинай бермеңіз. Білмейсіз ғой. Жаттап алыңыз. Ежелгі Египетте ел билеушіні Перғауын деген. Әй, мұғалім-ай, ұятқа қалдыңыз, иә. Егер сіз мұғалім болсаңыз, онда бізге оқудың керегі жоқ шығар.

Мен қыздан тірі тұрып құтылмасымды білдім де, өңгіме ауанын басқа жаққа аударғым келді.

— Өзің кештетіп қайдан келе жатырсың?

— Парктен.

— Ұнады ма?

— Ұнағанда қандай!..

— Ақшаң жетпей қалған жоқ па?

— Қайдағы-ы-ы. Қайта, керісінше, мың теңгеміз артылып қалды. Мамам маған бес мың теңге берген. Төрт мың теңгесіне жақсылап қыдырдым. Қалғанын өзіне қайырып берем.

— Көп ақша беріпті ғой.

— Иә, көп берді. Өйткені, біздің уәдемиз бар болатын. Сол уәде бойынша, мен бірінші тоқсанда барлық сабақтан беске шықтым. Ал мамам бес мың теңге берді. Қасында тұрған өзі қатарлас кішкентай қыз бен баланы ымдап:

— Мына достарыңа қаншадан берді? — дедім. Оларға қарап тұрды да қолын бір сілтеп:

— Ө-ө, бұларға ма?! Бұларға берген жоқ. Себебі, бұл екеуі де мамаға берген уәделерін орындай алмады. Мынау — сіңлім. Бұл екі сабақтан төртке шығып қалды да сыйлықтан құр қалды. Ал анау — інім. Ол тура сіз сияқты дым білмейтін сауатсыз. Менің жақсы оқығандығымның арқасында ғана бүгін қыдырып келе жатыр. Ертпей тастап кетейін дедім де аядым. Жақсы оқыса қандай сыйлық алатындарын көріп ынталансын деп те ертіп алдым.

— Папаң кім болып жұмыс істейді?

— Сіз менің сөздеріме қарап үлкен қызметкердің қызы екен деп ойлап тұрған шығарсыз. Жоқ, мүлде олай емес. Егер солай деп ойласаңыз, қателесесіз. Папам автобус айдайды. Ал мамам сол автобуста кондуктор. Таңғысын біз ұйықтап жатқанда кетеді де түнде біз ұйықтап жатқанда келеді. Бір-бірімізді көп көре бермейміз. Өзіміз өсіп жатырмыз.

— Сен мені әбден тексердің. Мен де сені бір тексеріп көрсем бола ма?

— Болады, неге болмасын.

— Жаңа сен жақсы оқимын дедің, иә. Сен жақсы оқысаң мынаны білуің керек. Көктемде ең бірінші қай гүл өсіп шығады? Ерте өсетін гүлді айтшы, — дедім өзі құсап тақылдап. Ол мүдірген жоқ.

— Білмей қалса екен деп тұрған шығарсыз. Өкініштіңізге орай, білемін. Сіз өте онай сұрақ қойдыңыз. Көктемде ең бірінші қауыз жаратын, ерте өсіп шығатын гүл — бөйшешек деп аталады. Ол барлық гүлден бұрын өсіп шығады. Тіпті, көктемнің шығуын күтпей-ақ, қыстың соңына қарай қардың астында жатып та өсе береді.

— Онда сен де сол бөйшешек екенсің.

— Неге?

— Өйткені, сен де ерте гүлдепсің. Көктемнің шығуын күтпей-ақ, ең бірінші болып.

— Жоқ, мен бөйшешек емеспін. Мен деген рауғашпын. Мені әкем солай атайды. Жақсы көрген кездерінде рауғашым менің деп еркелетеді. Сіз рауғашты білесіз бе, ол көп жақтарда өспейді. Тауда ғана, онда да алыс тауларда ғана өседі.

— Білемін. Біздің тауда да өседі. Мен оны жақсы көремін...

— Сіз де таулы аймақтансыз ба?

— Иә, оны қайдан білдің?

— Түріңізден байқалады. Оның үстіне мен де сол жақтанмын. Рауғашты көбіне біздің жақтыкілер ғана біледі.

— Сонымен, рауғашшын де.

— Иә, рауғашшын. Рауғаш қышқыл болады ғой. Мен де қышқылмын. Сосын рауғаш та ерте гүлдейді. Жаз шыға салысымен піседі. Бірақ бір аяныштысы сол, оның ғұмыры өте қысқа. Қолы жеткендер жеп үлгермесе тез қатып қалады. Жоқ болып кетеді. Сол үшін елдің бәрі оны аңдып жүреді де пісе салысымен теріп алады. Және оған әркімнің қолы жете бермейді.

— Оның бәрін білемін. Мен рауғашты қатты жақсы көремін...

Алматы көшелерінің тығынынан зәрезап болған жұрт бұл күнгі жолдың ұзара түскенін тілеп келе жатыр еді іптей. Өйткені, олардың барлығы да “Рауғаш” екеуміздің әңгімелерімізге беріліп кеткен еді. Тыңдай бергілері келетін сияқты. Мені емес әрине, мына бір ерте гүлдеген “Рауғаштың” қышқыл да төтті қылықтарын тамашалап келе жатыр еді. Ол сол қаптаған көзқарастардан қысылғандай болып, маған сыбырлап қана:

— Еңкейіңізші, — деді. Мен еңкейіп құлағымды оның аузына жақындаттым. Ол сыбырлап қана:

— Мыналардың бәрі бізді тыңдап келе жатыр ғой. Естіп қоймасын. Қызыңыз бар ма? — деді.

— Бар.

— Аты кім?

— Жансая.

— Әдемі ат екен.

— Өзі де сұлу.

— Мен сияқты ма?

— Иә.

— Қашан үйленесіз?

— Оны не қыласың?

— Жай, тойыңызға мені де шақырыңыз деп айтайын дегенім ғой.

— Сені кімім деп шақырайын?

— Жай танысым еді дей салыңыз.

— Танысым дегенге сенсе жақсы. Сенбей қалып, бұрынғы қызың шығар десе, пәлеге қаламын ғой.

— Неге, олай деп ойламайтын шығар жынды болмаса. Мен кішкентаймын ғой. Ой, сіз мені білмейсіз ғой. Мен деген кереметтей әншімін. Тойыңызға шақырсаңыз өн салып беремін. Керемет өтер еді.

Өмірде осындай қызықты сәттердің қысқа болатыны, қысқа болғанда да тым қысқа болатыны жаман да. Біздің де екеуара қызықты сәттеріміздің соңына жеткенімізді қыздың өзі жеткізді.

— Сіз қай аялдамадан түсесіз?

— Абылай ханнан.

— Қап-ай, а!..

— Неге өкіндің?

— Мен Қонаев көшесінен түсетін едім...

— Түссең не қылады?

— Жолда машиналар көп қой. Өту қиын. Сіз біздің аялдамадан түссеңіз, бізді жолдан өткізіп жіберсе болар еді деп ойлағам...


Сол аялдамадан түсіп қалып, “Рауғаш” қызды жолдан өткізіп, тіпті, үйіне дейін жеткізіп салуыма болар еді. Тек әр сөзімізді қалт жібермей бағып отырған адамдардан уялып, өз жөніме қарай кете беруіме тура келді. Қыз автобустан үнсіз түсіп бара жатты.

— Қыз-ау, пока демейсің бе? Қоптаспай кетіп бара жатқаның не? — дедім. Ол болса:

— Пока демеймін. Во первых, сіз мені алдадыңыз. Во вторых, тойыңызға шақырғыңыз келмеді. Ол аз болса, мені жолдан өткізуге де жарамадыңыз, — деп айыптап кетті.

Олар түсіп қалғаннан кейін автобусымыз әрі қарай жүріп кете берді. Көліктің артқы терезесінен қарап едім жолдың жағасында тұр екен. Қолын бұлғап қала берді. Мен іштей “Аман бол, айнама” деп кете бардым. Ал автобустың ішіндегі адамдар енді не істер екенсің дегендей маған көз алмай қарап тұрды. Кейбірі жылы жымысып тұрды. Көз алдарында басталып, көз алдыларында аяқталған ғажап киноның аянышты кейіпкеріне аяушылықпен қарайтын сияқты бөрі.

БЕЙКҮНӨ КҮНӨҒАРЛАР



й, самолет, самолет! Алматыға ала кет.

Көбелек қуып ойнап жүрген балалар әдеттегідей аспанда ұшып бара жатқан самолеттің артынан тұра жүгірдік. Біздің ауылдың төбесінен күнде осылай самолет ұшады. Біз күн сайын сол ұшақтың артынан тұра жүгіреміз. Және әр кез осы бір жаттанды сөзді айтамыз. Барлығымыздың да дауысымызда көдімгідей жалыныш бар. Алматы түгілі мына тұрған аудан орталығына да ала кетпесін білеміз. Бірақ біздің бойымыздағы сол бір “бірде болмаса бірде ала кететін шығар” деген үмітіміз сөнген емес. Сол үміттің жетегімен тағы да аспандап ұшып бара жатқан самолеттің артынан жүгіріп бара жатырмыз. Амал не атаңа нәлеттің самоләті қанша жалынышпен айқайға басып, артынан қусақ та бізді бұл жолы тағы да ала кетпеді.

Жүгіре-жүгіре шаршап, барлығымыз да ауылдың сыртындағы жалғыз теректің көлеңкесіне отыра кеттік. Бәріміз үнсізбіз. Тек қияли Дарын ғана әр нәрсені армандап отыр. Өзі бір бұтағына қонақтап алған теректі нұсқап:

— Шіркін, мына терек жай ғана терек болмай, алма ағашы болғанда ғой, — деді. Ол айтып ауыз жиғанша Ербол:

— Ол ағаштың алма ағашы болмағаны да дұрыс болды. Бәрібір сен ол алмаларды көктей жеп тауысар едің, — деді. Оның ол кекесінің Ерлік жалғады:

— Сен ішіңе ие бола алмай, шешен байғұс күндіз-түні сенің шалбарыңды жуумен өуре-сарсаңға түсер еді.

Ерболдың кекесінің жаны бар. Біздің ауылда алма өскен емес. Бір де бір үйде алма ағашы жоқ. Тек Әбін атаның үйінде ғана өрік өсетін. Сол өріктің ең құрымаса бір жыл сарғайып піскенін көрген емеспіз ғой. Гүлі түсіп, тастаған түйіншектер сәл үлкейе бастаған кезінде біз ұрлықты бастаймыз да теректің ұшар басындағы соңғы өрікті жеген түні аяқтаймыз. Әбін ата қанша қорыса да өріктерін “жаудан” қорғап қалған емес. Біз түннің жарымынан бастап, таң шолпаны туғанға дейін жүрсек те, әр түн сайын оннан, бестен жесек те айналасы

екі аптаның ішінде тауысып бітетінбіз, сол бейшара өріктерді. Егер бізге “өзі қышқыл, өзі көк” деген жұмбақ жасырсаңыз, біз оны тез тауып аламыз. Оның жауабы әрине өрік. Сол өріктерді көктей жеп тауысып жүргендіктен шығар біздің ұғымымызда өрік деген көк болады. Және оның дәмі тәтті емес, қышқыл болады деп түсінетінбіз. Өріктің тәтті болатынын және оның түсінің көк емес сары екенін Ерліктің Шонжы қаласындағы әпкесі келгенде ғана біліп, таң-тамаша болғанбыз. Міне, Ерболдың Дарынға айтқан кекесінің осындай сыры бар еді.

Күн төбеге көтерілгенде ыстыққа шыдамай суға түспек болып, ескі көпір жаққа қарай бет алдық. Бұлардың ішіндегі ең кішісі мен едім. Басқалары менен бір жас, екі жас үлкен. Тіпті төрт жас үлкендері де бар. Дегенмен көрші болғандықтан барлығымыз дос болып ылғи бірге ойнайтынбыз. Үлкендіктерін пайдаланатын болса керек олар маған ылғи әлімжеттік жасап жүреді. Дарын күндегідей жүгіріп келіп арқама мініп алды. Ара-тұра: — Шүү, сары есегім, — деп тебініп қояды. Оны көтермеске менде шара жоқ. Көтермеймін десең ұрады. Таяқ жегеннен гөрі осылай арқама мінгізіп алып, мықшындап есек болғаным артық. Ол менің арқама жайғасып алып жанында еріп келе жатқан “жаяу әскерлерге” сұқ саусағын шошайтып маңғзданып әңгіме соғып келеді. Дауысы өзінше салмақты:

— Дарвиннің іліміне сүйенетін болсақ, біздің барлығымыз да маймылдан жаратылғанбыз. Менің де, сенің де, оның да арғы аталарымыз маймыл болған. Еңбектің арқасында біз осылай адам болып қалыптасқан екенбіз.

— Оттапсың, — дедім шыдамай кетіп, оны үстімнен аударып тастап.

Міне, содан басталған тайталас біз өзен бойына жеткенге дейін жалғасты. Балалардың біразы мені қостап, біразы Дарынның жағына шықты. Дарын мен Дарвиннің ілімін қостаған Ерлік:

— Мен де солай ойлаймын. Өйткені Ерболға қараңдаршы, — деді. Барлығымыз Ерболға қарадық. Шындығында Ербол досымыз беті томпайып, құлағы қалқайып, жақ сүйектері шодырайып маймылға

ұқсайтын. Және теректен терекке секіргенде оған ешкім ілесе алмайтын. Онысы аздай өзі сәл бүкшіп еңкіштеу жүретін. Бір қызығы оны барлығымыз атын атамай “маймыл” деп мазақ қылатын едік. Кейде еркелетіп “маймыш” дейтінбіз. Ол дәлел ретінде соны алға тартты.

Біз ары таласып, бері таласып бір шешімге келе алмадық. Тура биге жүгінген даушылар құсап барлығымыз өзен жағасында қой бағып жүрген Тойболды молдаға барып, дауымызды айтып, шешіп беруін сұрадық. Тойболды ата Дарыннан:

— Адам маймылдан жаратылған дегенді саған кім айтты? — деді. Дарын:

— Биологиядан беретін Қарлығаш апай айтты,— деді. Сол кезде ашуына мініп алған молда атамыз Дарынға:

— Онда сен биолог апайыңа айтып бар. Маймылдан бір жаратылса ақылы соған жеткен Қарлығаш апайың мен сондай адамды келін қылып отырған соның коммунист қайынатасы жаратылған шығар. Басқаларымыз топырақтан жаратылғанбыз. Балшықтан иленгенбіз, — деді.

Сонымен дауымызды шешіп алып, суға түсіп жатқанбыз. Дарын өзен жағасындағы балшықтармен ойнап отырған. Қасына жақындап барсақ балшықтан адамның сұлбасын жасап жатыр екен. Кәдімгідей аяқ-қолы, басы мен кеудесі бар адамның пошымын жасапты. Өзінің арғы атасынан қан арқылы келген мүсіншілік қасиетін барынша салса керек, мына балшық адамының бет-бейнесі де құдды тірі адамдікіндей екен.

Біз қайтып бара жатқанда ол:

— Ей, Құдайшылдар! Міне, балшықтан иледім адамдарыңды әдемілеп. Ертеңге дейін тұрсын. Имам аталарыңның айтқаны рас болса ертең осы бала бізбен бірге суға түсіп, ойынымызға қосылады. Атын “Адам-Ата” деп қоямыз. Содан кейін ол өзінің бір тал қисық қабырғасын суырып алып, өзіне “Науа Ана” жасайды. Сол екеуінен сендер сияқты көп-көп ұрпақ тарайды, — деп кекесінмен күлді.

Біз барлығымыз үйге қарай кеттік.

Ертесі күні төрт көзіміз түгел шомылуға келдік. Жол бойында Дарынның балшық адамын сөз қылдық. Біз барғанда бір бала суға шомылып жүретін сияқты

көрініп кетті. Барсақ Дарынның адамы сол кешегі балшық қалпында екен. Тіпті, оның үстіне ат аунаса керек, быт-шыты шығыпты. Біз соны әңгіме қылысып тұрғанда молда атамыз келді. Мен ол кісіге кешелі бергі тірлігімізді баяндап бердім. Атамыз қамшысын алып тұра ұмтылды.

— Атаңа нәлет күнәһарлар! Сендер адам жарататындай Құдай емессіңдер. Сендерге ондай құдіретті кім беріпті. Құдай ғана жарата алған, — деп барлығымызды қамшының астына алды. Арасында күнәсі жоқ мен де кеттім. Біз сол қамшыдан кейін “адам операциясын” қайтып жасаған емеспіз. Топырақтан жаратылғандығымызға имандай сендік. Тек кейін қайтадан топыраққа айналатынымызды ойлағанда көңіліміз құлазып қалды. Шіркін, адамдар өлмей жүре беретін болсашы. Менің балаң түйсігім сол кезде топыраққа деген құдіретті сезінгендей болды. Егер біз топырақтан жаратылған болсақ, біз неге сол топырақты таптап жүрміз. Менің бойымда белгісіз бір қорқыныш пайда болып, топырақты таптауға батылым бармады. Таптамасқа тағы амал жоқ. Адамдардың топырақта ізі қалатыны сол екен-ау. Біз топырақтан жаралдық. Және тағы топырақтан нәр алдық. Топырақсыз біздің күніміз қараң. Мен жерден бір уыс топырақ алып маңдайыма бастым. Ал достарым болса өзен жағасында бір-біріне су шашып ойнап жүрді.

Айтпақшы суға түсуге бізбен бірге қыздар да келетін. Өрине, қыздар сырт киімдерімен түседі. Бір күні біздің ауылға аудан орталығынан Сүйрік есімді қыз келді. Ол да біздің көрші қыздарға қосылып суға түсуге барып жүрді. Және неге екенін қайдам, сол қыз басқаларды менсінбей жүріп, маған көңілі түсті. Мүмкін жүзім жылы болған шығар. Өлде ешкімде жоқ “адидасыма” қызықты ма екен? Өйтеуір сол қыз маған жақын жүрді. Ол келгелі бері Дарын да маған тиісуін қойып, тынышталып қалған. Бұзық болып көрінгісі келмесе керек. Біз шомылатын өзен ауылдан қашықтау еді. Сол өзенге барғанша және қайтар жолда да мен Сүйрікті құшақтап жүрдім. Құшақтағанда, салмақ салмай оң қолымды оның иығына тастап қоямын. Басқа қызықтың дәмін тата қоймаған мен үшін соның өзі үлкен ләззат

еді. Дарын, шіркін, соны да қызғанып, жан ташайды-ау. Бір қызық жері суға түсіп болғаннан кейін Сүйрік маған калготкімді сығысып жіберші дейтін. Екеуміз тоғайдың ішіне кіріп, тасалау жерге барып, соның калготкісін сығатынбыз. Күн сайын сығысып жүрдім. Енді оның ыңғайсыздау екенін білемін. Адамның намысына келетін ұяттау тірлік екенін балаң көңіл сезбейді емес, сезеді. Дей тұрғанмен өзгелердің ішінен сені таңдап алып, өзін құшақтатып жүрген қыздың айтқанын қалай орындамасың. Оның үстіне шынымды айтсам калготкі сығысу өзіме де іштей ұнайтын сияқты. Осылай күндер өте берді. Бір күні тыныш жүрген Дарын маған қайтадан тиісуді бастады. Сөйтсем оған қызғанышы маза бермепті. Күндегідей өзенге бет алып бара жатқан кезімізде ол мені жеке шақырып алып:

— Қапанғы сен сығысасың. Сүйріктің калготкісін бүгін мен сығысамын. Сен сығыспаймын деп айт, — деді.

Мен келісімімді бердім. Енді ше? Ұрып үйренген жұдырық қаңғып жүріп тағы да тиіп кетуі мүмкін ғой. Өдеттегідей шомылып біткен кезде Сүйрік маған қарап:

— Бұйрабас, калготкімді сығысып жіберші, — деді.

— Жоқ, өзің сығып ала салшы. Неге екені сығысқым келіп тұрған жоқ, — дедім. Шынтуайтына келсек сығысқым келіп-ақ тұр ғой. Бірақ “сценарий” бойынша осылай істеуіме тура келіп тұр. Сыққызбасым сыққызбастың кері болып тұр да. Осы сәтті пайдаланған Дарын орнынан ұшып тұрып:

— Онда мен сығысайын, — деп Сүйріктің жанына жетіп барды. Бірақ Сүйрік ол күткендей істеген жоқ. Керісінше басын маңғаздана көтеріп:

— Рахмет. Бүгінше сықпай-ақ кие салайын, — деді де бұрылып кетіп қалды. Ол менің бұлай істеуімнің себебін білгендіктен де әдейі осындай қадам жасаса керек. Дарын болса тұрған орнында қатты да қалды.

Қайтар жолда Сүйрік маған ертең кететінін айтты. Мен үнсіз жолың болсын дегендей қылдым. Ал ол болса менің бұл немқұрайдылығыма өкпелегендей болып:

— Сен не мені жақсы көрмейсің ба? — деді. Мен оған өзімнің жақсы көретін алтыншы “б” класында

оқитын қызым туралы айтып бердім. Сүйрік біраз жер үнсіз жүрді да:

— Ол қызды қайтесің. Ол сенен үлкен ғой. Оның үстіне оның жігіті бар екен, — деді. Мен оған:

— Мейлі бола берсін. Мен оны жақсы көріп жүре берем. Кейін жігітімен ұрсысып қалғанда менімен жүреді. Соған дейін күтемін, — дедім. Бір кезде Сүйрік менің көзіме көзін қадап тұрып:

— Түнде мен сені түсімде көрдім, — деді.

— Не істеп жүр екенбіз?

— Айтпаймын, оны қайтесің.

— Жәрайды айтпасаң айтпай-ақ қой. Тек сол түсінде көргеніңді өңімізде қайталайық, — дедім. Сүйрік күліп жіберді де:

— О-о-о,.. қуын қара...— деді.

Біз сол түні таң атқанша ұйықтаған жоқпыз. Клуб жақтағы парктің ішіндегі сәкіде отырдық. Таң атып келе жатты. Сол кезде ғана менің батылсыз-дығымнан шаршаған Сүйрік:

— Сен менің түсімдегіні өңімізде қайталайық деп едің ғой, — деді. Мен оған:

— Иә, солай деп айтқанмын. Түсінде не болып еді? — дедім. Ол маған күле қарап:

— Бетімнен сүйіп алғансың,.. — деді. Мен оның бетінен сүймек болып ұмсына бергенімде ол маған жалт қарап еді, ернім оның бетіне емес ерніне тиіп кетті...

Арада ай өтті ме, жыл өтті ме, күн өтті ме білмеймін. Мүмкін санаулы минуттар, тіпті секундтар өткен болар. Әйтеуір ұзақ та қысқа төтті сәт өтті. Ол маған асылып тұрған қалпында көзін ашып:

— Сен менің түсімде ернімнен сүйген жоқ болатынсың, — деді. Енді ең мен түстің ортасында тұрған адам нені ажыратып жарытсын, жарқыным-ау. Мүмкін осылай шатасқанымыз да жақсы болған шығар.

Екеумізді осынау шырын сәттен оның апасының айқайы оятты. Етегіне сүрініп-жығылып:


— Иттің ғана қызы-ай, қайда жүрсің? Түні бойы сені іздеп ұйықтамадым, — деп аттандатып келе жатыр екен. Қасында менің пешем бар. Екеуміз қапша жөнелдік. Екінші көшені айналып барып, екеуміз де үйді-үйімізге

кіріп кеттік. Бұл түні біз Сүйрік екеуміз ғана емес, оның апасы мен менің шешем де ұйықтамады. Бұл түн осы көз ілмеген төртеудің екеуі үшін ләззатқа, екеуі үшін азапқа толы болды.

Ол сол күні өзінің ауылына кетіп қалды. Қатты жақсы көрмесем де кәдімгідей бауыр басып қалыптым. Шомылуға барғым келмей еріксіз бардым. Суға түсіп жүргенде Дарын маған соқтығып, дауысын актерларша құбылтып:

— Төлегенжан, Жібек кетіп Жайықтың суы тартылғандай болып отырсың ба? Құлазыған көңіліңе ем болар, кел суға түс, — деп тиісті. Мен Дарынның келекесіне қалғым келмей кетіп қалудың амалын таппай тұрғам. Аспаннан тағы да самолет ұшып бара жатты. Бұл жолғы бағыты біздің ауыл жақ екен. Мен соны пайдаланып самолеттің артынан тұра жүгірдім.

— Ей, самолет, самолет, Алматыға ала кет.



ешқұрым шақ. Қарағайлы сайдың басынан бас-аяғы отыз алты ұл-қыз құлдилап келеміз. Біразы ат мінген. Енді біразы қаражаяу. Атқа мінген жігіттер бір-бір қыздан мінгестіріп алған. Жаяулары қыздың иығына қолын артып құшақтап барады.

Осы бір “алқакөл сұлама, ақтабан шұбырындыдан” маңызы бөлек шұбырған топқа қарап көңілім босап кетті. Неге десеніз біз осы сәтте мәңгі бақи дәл осылай толыққанды басымыз қосылмасқа тарап бара жатырмыз.

Ұзақ жылдарға созылып, бітпестей болған мектепті де бітірдік. Кеше түнде қолымызға орта мектепті толықтай бітірді деген куәлігімізді алдық. Басқа-басқа осы аттестат Айбол екеумізге де бұйырды-ау. Мектептен өне қуып жібереді, міне қуып жібереді деп жүргенде өүпірімдеп осы күнге де жетіп тындық. Түндегі салтанатты кештен соң бүгін барлық сыныптастар тауға демалысқа шыққанбыз. Ертең барлығы жоғарғы оқуға құжаттарын тапсыру үшін алып қалаға аттанбақ. Өрқайсысы әр қиырға тартады. Демек, біз енді ешуақытта осылай бас қоса алмаймыз. Жеке-жеке кездесіп тұруымыз, мектепті бітіргенімізге пәленбай жыл толу құрметіне он-жиырмамыздың басымыз қосылуы мүмкін-ау. Ал бірақ дәл осылай төрт көзіміз түгел жиналмасымыз мен үшін анық. Мен бұны мектепті ерекше куәлікке бітіріп масайрап бара жатқан анау секпіл бет сары қыздан да жақсы түйсіндім. Ауылға жеткенде өркім әр көшеге бұрылып, үйді-үйімізге бытырап тарап кеттік. Бітті. Қандай аянышты.

Ертеңнен бастап барлығы жолға шығады. Алматы мен ауылдың арасындағы 347 шақырымдық жол өзінше бөлек, олар үлкен жолға аттанады. Алдында кімді не күтіп тұрғанын уақыт көрсетер. Біреу бағы жанып студент атанып, енді біреуі қолорамалын сулап қайтар. Бағы жанғандардың ата-анасы Гүлшаттікіне бала жүгіртіп, қарызға арақ алып, атап өтер. Сүрінгендердің ата-аналары келер жылға үміт артар. Кейбір қыздар басына бас бостандығын ала сала күйеуге шығар. Оны